

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

6 саны мен цифры

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81738/>

Пән: Математика Мектеп:№5 бастауыш мектебі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Сандар және цифрлар

Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Наурузбаева Ж

Сынып: 1 Қатысқандар саны: 25

Қатыспағандар саны: 0

Сабақ тақырыбы: 6 саны және цифры

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)

1.1.1.2 Бір таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру.

1.1.1.1. Санау барысында натурал сандардың реттік нөмірі анықталатындығын түсіну. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау.

1.1.1.3. Бір таңбалы сандардың құрамын анықтау. натурал сандарды алу жолын біледі; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды; натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды; бір таңбалы сандардың құрамын анықтайды;

Сабақ мақсаттары:

Барлық оқушылар: 6 санының құрамы және құрылу жолдарын түсіну. Сандық сәуледегі орнын анықтау.

Көптеген оқушылар: Әртүрлі заттарды санау арқылы заттардың артық немесе кем екенін тауып, қорытынды жасау.

Кейбір оқушылар: 6 санына қатысты «+» және «-» амалдарының барлық жолдарын қолдану.

Бағалау критерийлері: 1. 6 санының сандық сәуледегі орнын табады.

2. 6 санының құрылу жолын біледі.

3. 6 санының құрамын анықтайды.

Тілдік мақсаттар: Алты – шесть – six

« алдыңғы сан», «кейінгі сан» деген математикалық сөздерді дұрыс қолданылуын қадағалау

Құндылықтарды дарыту: Өзара сыйластыққа, сүйіспеншілікке, ұжым негізін тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыстар: Сауат ашу, музыка, бейнелеу

Бастапқы білім

Оқушылар 1-ден 5-ке дейінгі сандарды біледі, сандардың құрамын айта алады

Сабақ барысы:

Сабақтың

жоспарланған

кезеңдері

Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет

Ресурстар

Сабақтың басы

5 мин 1) Психологиялық ахуал орнату

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға нұр шашылды.

Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз,

Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз.

Мақсатымыз – білім алу,

Міндетіміз – еңбектену

Еңбектену арқылы «беске» қол жеткізу!

2) Топқа бөлу

(геометриялық фигуралар түрлеріне қарай топқа бөлу)

I топ Үшбұрыштар. II топ Шеңбер. III топ Төртбұрыштар.

3) «Сұрақтар қорабы» әдісі арқылы өткен сабақты пысықтаймын.

— Біз осы уақытқа дейін қандай сандармен таныстық?

— Олардың ішіндегі ең үлкен санды ата

— Тақтаға 1-5-ке дейінгі сандарды ілу, 5 оқушыны шығарып, сан таңдатып, сандарды өсу ретімен тұрғызу, содан соң кему ретімен тұрғызу.

Дескриптор: 1-5- ке дейін тура және кері санай алады, кему өсу ретін біледі.

Геометриялық фигуралар

Сабақтың ортасы

5 мин

10 мин

5 мин

5 мин

5 мин

«Ой шақыру» әдісі арқылы бүгінгі тақырыпты ашу

«Шалқан» ертегісін еске түсіру

Оқулықтағы суретке назар аудару. Ертегі кейіпкерлерін атай отырып, сонша оқушыны тақтаға шығару.

«Ашық сұрақтар» әдісі арқылы жауаптар алу.

— Ертегіде қанша кейіпкер шалқан тартып жатыр?

— Бес кейіпкер

— Оларға көмекке кім келе жатыр?

— Тышқан

— Тышқан нешінші кейіпкер деп ойлайсыңдар?

— Алтыншы

— 6 саны 5 санынан үлкен бе, кіші ме?

Оқушыларды 6 санымен таныстыру.

5 санынан кейін 6 санын қойып, қандай сандар 6 санынан кіші болатынын сұраймын.

Тірексөзбен жұмыс.

6 сөзін 3 тілде айтқызу.

Алты - шесть- six

1- тапсырма (Ж) Жұппен жұмыс

Қатты түрлі-түсті қағаздан қиылған көбелек суреттерін дайындау.

-Әр қатарда қанша көбелек бар?

— Олардың түстері қандай?

— Әр қатарға қосу амалына мысал құрастыр.

Ә) Дәл сондай етіп түйме таратып беру. Суреттегі көбелек саны мен түсіне сәйкес келетіндей етіп, 6 санын әртүрлі тәсілмен қойып көрсетеді.

Мысалы: 3 қызыл, 1 жасыл, 2 көк т.с.с

Дескриптор: 6-ға дейін тура және кері санай біледі;

— Реттік номерін анықтай алады;

ҚБ. «Бас бармақ» әдісі арқылы оқушыларды ынталандыру үшін бас бармақтарын көрсету арқылы топтағы оқушылар бағалайды.

Дәптермен жұмыс

Үлгі бойынша 6 цифрын жазу

Дескриптор: 6 цифрының жазба, баспа түрін ажыратады, жаза біледі.

2- тапсырма (Ө) Жеке дара жұмыс

Жауабы алты болу үшін, балықшы қай балықтарды жұбымен аулайды?

Оқушылар шелектің ішіне 6 саны шығу үшін қажетті балық санын салу керек.

Дескриптор: 6 санының құрылу жолын, 6 санына қатысты + және азайту амалдарының барлық жолдарын шығара алады.

ҚБ. «Графикалық бағалау» әдісі арқылы бағаланады.

Сергіту сәті

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр
Артқа қарай бір адым
Алға қарай бір адым
Жоғары-төмен қарайық
Орнымызды табайық

3-тапсырма (Т) Сандары салыстыр:

$>$, $=$, $<$ белгілерін қой

(оқулықтағы салыстыруды орындайды)

$1*6$ $3*6$ $5*6$

$2*6$ $4*6$ $6*6$

Дескриптор: 6-ға дейінгі сандарды бір-бірімен салыстыра алады.

ҚБ. «Шапалақ» әдісі бір-бірін бағалайды.

4-тапсырма Дөңгелек пен шаршыны 6 саны шығатындай етіп жалғастыр:

Дескриптор: 6 санын әр түрлі тәсілдермен табуды біледі, 6 санының құрамын анықтай алады.

Түрлі-түсті қағаздан қиылған көбелектер суреті

Сабақтың соңы

5 мин

Біз бүгін қандай сандармен таныстық?

Сандық сәуледе 6 саны қандай саннан кейін келеді?

6 саны қанша заттың санын білдіреді?

Кері байланыс: Жұмыс дәптеріндегі «жетістік баспалдағымен» өзін-өзі бағалау.

Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?

Бағалау-оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Саралау-бірлескен жұмыс, жеке жұмыс, топтық жұмыс арқылы сабақты меңгерту. Оқушылар берілген әртүрлі тапсырмаларды жеке, жылдам орындай отырып, өздеріне деген сенімділігі артады. Осыдан түсінік пен дағды қалыптасады. Жұптасып орындау арқылы қабілеттері сараланып, шығармашылыққа, жылдамдыққа жетелейді. Ал кейбір оқушыларға көмек болған жағдайда көмек беріледі. Тапсырмалар жеңілден қиынға әдістерін қолданып, оқушыларға орындатамын. Оқушылар сабақ барысында тапсырмаларды орындау арқылы сабақтың мақсатына жетеді. Сабақ барысында үйренгендерін бағалау үшін мынадай әдіс-тәсілдерді жұптық жұмыста «бас бармақ»

бағалау әдісі, жеке-дара жұмыста «графикалық бағалау» әдісі, топтық жұмыста «шапалақ» бағалау әдісін, сабақ соңында рефлексия жүргізуде «жетістік баспалдағы» әдісі арқылы өз-өздерін бағалауды пайдаландым.

Сабақ бойынша рефлексия

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз?)

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады? (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз?)

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, аелесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.